


А2006

1100014

Әлем балалар әдебиеті


ХАНС АНДЕРСЕН

Таңдамалы
ертегілер





A 2006/11000





Әлем балалар әдебиеті





Художник Светлана Макаренко



Әлем балалар әдебиеті

ХАНС КРИСТИАН АНДЕРСЕН

**Таңдамалы
ертегілер**

Алматы

«Балауса» баспасы

2005

ББК 82.3(3)

А

*Қазақстан Республикасы Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігі, Ақпарат және мұрағат
комитетінің «Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін өзірлеу
және шығару» бағдарламасы бойынша шығарылып отыр.*

Ақылдастар алқасы:

*Есетжан Қосубаев
Сламбек Тәуекел
Қадыр Мырза Әли-төраға
Әлібек Асқаров
Абылайхан Құлбаев
Әбілмәжін Жұмабаев
Оразақын Асқар
Сұлтан Қалиев*

Андерсен Х.К.

А 66 Таңдамалы ертегілер: – Алматы: «Балауса»
баспасы, 2005. – 400 бет.

Бұл әлем балалар әдебиетіне арналған 50 томдық-
тың бірі.

ISBN 9965-672-32-6

Бұл кітапқа Данияның аты әлемге әйгілі
ертегіші-жазушы Ханс Кристиан Андерсеннің таң-
дамалы ертегілері енді.

Оқиғалары қызықты, балалардың ой өрісін
кеңейтіп, қиалын санқияға жетелейді.

F 4809040400
411(05)-05

ББК 82.3(3)

ISBN 9965-672-32-6

© «Балауса» баспасы, 2005
© Дизайнері Болатаев Ж.

АЛҒЫСӨЗ

Ханс Кристиан Андерсен Дат халқынан шыққан бүкіл әлемге әйгілі балалар жазушысы. Ертегі жанрының дүйім ел мойындаған айтулы атасы. Үстіміздегі жылы оның 200 жылдығын бүкіл дүниежүзі айырықша атап өтті. Елімізде «Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес, «Әлем балалар әдебиеті» айдары бойынша қазақ тілінде жарық көре бастаған 50 томдықтың бір томы сәтіне сай осы мерейлі мереке иесі Х.К.Андерсеннің «Таңдамалы ертегілеріне» арналып отыр. Оның көп томдықтары өлдеқашан тіпті өзінің көзі тірі кезінде 23 том болып өз ана тілі – дат тілінде 1853 жылы Копенгагеннен жарық көреді. Ал, 1847 жылы шетелде неміс тілінде 50 том болып Лейпцикте шығады.

Андерсеннің ертегілері кино, мультфилім болып қойылып, опера болып айтылып та жер жүзіне тараған. Оның «Ұсқынсыз үйрек» («Гадкий утенок»), «Ұйқыдағы ару» («Спящая красавица»), «Суперісі» («Русалочка»), «Түйме қыз» («Дюймовочка») сияқты тамаша ертекттерін қай елде, қайсы бала білмейді?!

Ханс Кристиан Андерсен 1805 жылы 2 сәуірде Данияның Фиюния аралындағы Оденсе деп аталатын, ортағасырлық әдет-ғұрыптары барынша сақталған, ескілікті шағын қалашықта дүниеге келеді. Әкесі елдің етігін жамап, шешесі көрінгеннің кірін жуып өлместің күнін көреді екен. Осы жарлы ата-ананың ортақ қуанышы болған жалғыз ұл еркінше ерке болып өседі. Әке-шешесі бар тапқан-таянғандарын ұлының аузына тосып, үстіне жапсырады. Есі кіре бастаған ерке-тотай ұлының алаңсыз ойынын, терең де ұзақ ойға шомып үнсіз бақылап отырған анасы көзіне жас алып, «Ұлым сен қандай бақыттысың?! Мен сенің жасыңда жетімдіктің зардабын тартып, бетімнен отым шығып, ұяла жүріп, кез келгеннен қайыр – садақа сұрап, қу қарнымды қампайтушы едім, көбінше көпір астын паналап күнелтуші едім», – деген анасының жан сырына жаны ашып бұл да көз жасына ерік беруші еді.

Әкесі етік тігуден қолы кішкене селт етсе болды кітап оқитын. Ертегі, әңгіме, романдарды тіпті діни кітаптарды, кейде әйелі мен баласына да дауыстап оқып беріп отыратын. Әкесі айтушы еді:

«Жын-пері дейтіндер өмірде жоқ. Ол адамдардың өз ішінде» дейтін. Бірде әкесі Библияны оқып отырып, «Христос та біз сияқты адам. Бірақ бізден гөрі ерекше ақылды» дегені үшін шешесі «Құдайды адамға теңедің» деп қатты ренжиді.

Әкесі ұлын өте жақсы көреді екен. Мүмкіндігі болса қасына ертіп жүріп, қыдыртатын, әр нәрсені айтып сырласатын көрінеді. Өмір бойы жеке, кішкентай болса да үйі болуды, оның маңында шағын бау-бақшасы болуды армандап өтіпті. Әкесінің ол арманына баласы да жетпеген. Тек кейін өзінің әйгілі ертектерінде ғана сол әкесі айтқандай үйді суреттеумен шектеледі. Әкесі көп ауырып-сырқамай-ақ ерте қайтыс болады.

Ханс 14 жасқа келгенде қоярда – қоймай жүріп шешесінен рұқсат алып орталық үлкен қала Копенгагенге, қалтасына шешесі салып берген болымсыз тиын-тебенмен аттанады. Ханстың жап-жақсы сазды дауысы бар-тын, қалада алғашқы кезде әр жерде ән салып күнін көреді. Оның табиғи дауысын кездейсоқ консерваторияның профессоры Сибони, композитор Вейзе, ақын Гольдбергтер байқап қалады. Солардың көмегімен Ханс Кристиан театр училищесіне оқуға түседі. Ыстық, суықта қалай болса, солай бақылаусыз, бапсыз айқайлап ән айтып жүргенінің кесірінен көп ұзамай дауысынан айырылып, оқуынан еріксіз қол үзеді. Енді дауыстан үміт үзіп, әртіс болу арманынан бас тартуына тура келеді. Өлең, пьеса, тіпті роман да жазады. Аса қиындықтармен көп күттіріп жазғандары там-тұмдап жарық көре бастайды. Болымсыз қаламақымен түлкі құрсақ болып жүріп, балаларға арнап ертектер жаза бастайды. Өзге шығармаларына қарағанда оның жарық көруі жиілеп, ертектің бірінен кейін бірін жазып, атағы шығады.

Алғашқы ертегілері орда бұзар отыз жасында, яғни 1835-жылы «Балаларға арналған ертегілер» деген атпен шығып, тез тарайды. 1845 жылы оқырманның сұранысына сай ертегілері толықтырылып қайта басылады. 1852 жылы «Оқиғалар» деген атпен жаңа ертектері басылады. Енді Ханс «Өмірімнің ертегілері» деген атпен өмірбаяндық негізгі кітабын жазуға кіріседі. Бұл шығармасын ол үздіксіз өз өмірінің ақырына дейін жазумен болды. 1875 жылы Копенгагенде қайтыс болады.

Оның ертегілері әлемнің барлық тіліне дерлік аударылды. Сол ретте қазақ тіліне де аударылып, 1948, 1951, 1960 жылдары жеке-жеке кітап болып жарық көрген.

Міне, енді қазақ тіліндегі әлем балалар әдебиетінің 50 томдығының бірі болып Х.К.Андерсеннің таңдамалы ертегілері ерекше безендірілген, сый кітабы ретінде қолдарыңызға тиіп отыр. Қолдан тастамай, жата-жастана оқитын қадірлі кітаптарыңыздың біріне айналады деген сенімдеміз.

ШАҚПАҚТАС

Жол бойында солдат келе жатты. Бір-екі! Бір-екі! Арқасында қоржыны, белдігінде қылышы. Соғыстан үйіне қайтып келеді. Жолда қарсы алдынан жоғарғы ерні көк тіреп, төменгі ерні жер тіреп, мыстан кемпір шыға келді.

– Жол болсын, сарбазым! – деп гүж ете түсті мыстан кемпір. – Тұу, қылышың қандай керемет! Қоржының қандай дәу еді! Міне, солдат деп осыны айт! Қойны-қонышыңды бір ақшаға толтырайыншы сенің!

– Рақмет, көрі мыстан, – деді солдат.

– Анау тұрған көрі ағашты көрдің ғой? – деді Мыстан кемпір, анадай жерде өсіп тұрған ағашты көрсетіп. – Оның іші қуыс. Ұшар басында бір адам сиярлықтай тесігі бар, содан түсіп, түбіне жет. Тесіктен түсерінде беліңнен арқан байлаймын, айқайлап белгі берсең, кері суырып алам.

– Е, оның ішіне түсіп маған не көрініпті? – деді солдат.

– Қойны-қонышыңды ақшаға сықап қайтасың, – деді мыстан. – Есіңнен шығарушы болма, түбіне дейін бойлап барсаң, жер астын үңгіп салған үлкен жолға кезігесің, онда жүзден астам шам жанып, самаладай жарық қып тұр. Сонан соң үш есікті көресің, оларды ашу оңай, кілті аузында. Бірінші бөлмеге кірсең, дәл ортада сандық тұр, оның үстінде екі көзі тостағандай бір ит жатыр. Бірақ одан қорқушы болма! Мен саған шытырман көк белдемшемді берейін, соны еденге жайып жібер де, итті шап беріп ұстап алып, белдемшенің үстіне отырғыза қой. Сандықты ашып, ішіндегі ақшадан қалағаныңша ала бер. Ол сандықтағының бәрі бақыр. Ал егер күміс ақша керек

болса, онда келесі бөлмеге бар. Онда екі көзі диірменнің тасындай бір итті көресің. Одан да қорықпа, белдемшеге алып ұр да, ақшаны тией бер. Одан үшінші бөлмеге бар. Ондағы ағаш сандық үстінде жатқан иттің әр көзі шаңырақтай. Шынымды айтайын, керемет қабаған ит. Бірақ одан да қымсынба. Белдемшеге алып ұрсаң, қыңқ етпейді. Алтынын көтергенше ала бер.

– Апыр-ай, бұл не деген батпан құйрық? – деді солдат. – Ал сонда өзің менен не қалайсың, кәрі мыстан? «Құр аяққа бата жүрмейді» деген бар ғой.

– Көк тиыныңның керегі жоқ маған, – деді мыстан кемпір. – Менің кәрі әжемнің өткен жолы сол үңгірге түскенде ұмыт қалдырған шақпақ тасы жатыр, соны әкеп берсең болғаны.

– Ал, ендеше, беліме байлай ғой арқаныңды! – деп бұйырды солдат.

– Бопты! – деді мыстан. – Мә, мынау көк белдемшені де ала кет! Солдат ағаштың басына шығып, қуысынан кіріп еді, мыстан айтқандай жүздеген шам төбесінде самаладай жарқырап тұрған үңгіме апан жолға тап болды.

Шеткі есікті ашып қалды. Астапыралла, екі көзі тостағандай бір ит солдатқа бажырая қарап қалмасы бар ма.

– Бәрекелде! – деп солдат әлгі итті мыстанның белдемшесіне алып ұрды да, бір қалтасын толтыра бақыр алып, сандықты қайта жауып, итті қайтадан өз орнына отырғыза қойды. Сосын келесі бөлмеге барды, мыстан байғұс алдамапты, онда да екі көзі диірменнің тасындай тағы бір ит отыр екен.

– Көзіңді бақырайтпай-ақ қой, көз ауру боп жүрерсің! – деді де, солдат әлгі итті де мыстанның белдемшесіне алып ұрды.

Сандық толы күміс ақшаны көріп, жаңағы бақыр атаулының бәрін лақтырып тастап, қос қалтасы мен аспалы қоржынын күміске толтырып алды. Сөйтті де үшінші бөлмеге келді. Мәссаған, құбыжық керек болса! Мұндағы иттің екі көзі екі мұнарадай және дөңгелек тәрізді айналып-айналып кетеді екен.

– Кеш жарық! – деп, солдат қолын шекесіне апарып, сәлемін сарт еткізді.

Мұндай итті жарық дүниеге келгеннен бері көріп тұрғаны осы.

Бірақ оған танданып тұратын уақыт жоқ. Орнынан тік көтеріп, белдемшеге ыңқ еткізді де, сандықты ашып кеп қалды. Құдай сақтасын! Алтын деген мұнша көп болар ма! Мынау алтынға бүкіл Копенгаген шаһарын түгелімен сатып алуға болар. Оған қоса тәтті-пәтті сататын әйелдердің қанттан жасалған торайлары мен жер-жаһандағы ағаш ат, ойыншық солдат, өрме қамшының бәрін көтеріп сатып алуға болар еді-ау! Ділда дегенде сан жоқ. Солдат күміс теңгенің бәрін лақтырып жіберіп, барлық қалталарын, қоржыны мен бөркін, қойны-қонышын алтын ділдаға сықита толтырып, орнынан әзер тұрды. Бәрекелде, ақшаға белшесінен батты деген осы да. Әлгі итті орнына апарып жатқызды да, есікті сыртынан құлыптап, төбедегі тесікке қарап айқай салды.

– Көрі мыстан, тарт көнекей!

– Шақпақты алдың ба? – деп сұрады мыстан.

– Қап, сайтанның сапалағы-ай, ұмытып кете жаздаған екем ғой! – деді де солдат жүгіріп барып шақпақ тасты алып келді.

Мыстан оны арқанмен тартып, сыртқа шығарып алды. Қос қалтасы, қойны-қонышы, қоржыны мен солдат кепкасы сықай толы алтын.

– Шақпақтың саған керегі не? – деп сұрады солдат.

– Онда шаруаң болмасын! – деді мыстан. – Алар ақшанды алдың ғой, енді жөніңе тайып тұр. Көне, шақпақты бері әкел!

– Асықпа, асыққан шайтан ісі! – деді солдат. – Алдымен жаның барында мына шақпақтың не қасиеті бар екенін айт, әйтпесе қылышымды суырып алып, шақша басыңды қағып түсірем!

– Айтпаймын! – деп қасарды мыстан кемпір.

Солдат қылышын жарқ еткізіп, мыстанның басын қақты да түсірді. Көрі мыстан сеспей қатты. Ал солдат бар ақшаны белдемшеге түйіп арқалап алды да, шақпақты қалтасына тықты. Сөйтіп шаһарға қарай алшандай басып жүре берді.

Бұл бір шылқыған бай шаһар еді. Солдат ең қымбат деген мейманханаға келіп, ең тәуір деген бөлмені таңдап жүріп орналасты да, байлық шіркін не істеткізбейді, ең сүйікті тағамдарын даяшы жіберіп алдырды.

Меймандардың аяқ киімін тазалайтын малай осынша ауқатты мырзаның жаман етік киіп жүргеніне қайран қалды. Солдат әлі киім ауыстырып үлгермеген еді. Өйтсе де келесі күні асыл киім, жалтырауық етік дегеннің бәрін алып, мұнтаздай боп киінді.

Енді солдат нағыз шонжардың өзі болды да шықты. Жұрт оған шаһардың бөлен жерінде бөлендей ғаламат бар, патша бар, оның ғажап сұлу қызы бар деп, жамырасып, бәрін айтып жатыр.

– Патшаның қызын қалай көруге болады? – деп сұрады солдат.

– Оған жол жоқ! – десті жұрт. – Қыз айналасын биік камал, зәулім мұнаралар қоршаған мыс сарайдың ішінде. Сарайға патшаның өзінен басқа жан бас сұқпайды. Ешкім де сарайға кіре алмайды, кірген адам шыға алмайды. Өйткені өулиелер патшаға қызың түбінде қатардағы бір солдатқа тиеді деп бал ашқан. Ал өзі патша болған соң, солдат дегенінді менсіне ме.

«Шіркін-ай, сол қызды бір көрсем арманым болмас еді!» деп ынтықты солдат.

Бірақ оған кім рұқсат бере қойсын?!

Солдаттың жағасы жайлауда, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс, театрға да барады, патша бағында серуен құрып, сайран салады. Қайыршы мүсәпірлерге ақшаны уыстап шашады. Қайтсін байғұс, қалтасында көк тиыны жоқ қу кедей боп өзі де көрді ғой! «Жас өспей ме, жарлы байымай ма» дегендей, ол әбден байыды, патша баласындай киініп, маңайына дос-жаран, жора-жолдас қаптады: бәрі де жатып жастық, иіліп төсек боп, жігіттің жігіті, мырзаның мырзасы бір өзіңсің деп, асты-үстіне түсіп бәйек боп жүр. Мақтауды кім жек көрсін. Оған еліре түседі. Ала берсе қар да таусылады. Тірнектеп жимай, уыстап шашқан соң, қанша көп болса да, ақша шіркін де таусылады екен. Ақыр аяғында екі теңгеліктен басқа түк қалмады! Жайнаған жақсы бөлмелерді тастап, шатырдың

бір қуысына паналауға, біреуді жұмсауға үйреніп қалған сорлы басы өз етігін өзі майлап, өз жыртығын өзі жамауына тура келді. Енді дос-жаран, жора-жолдастары да келгіштеуін қойып, оған бас сұқпайтын болды; сонау шатырға көтеріліп жүруді қиынсынған болар.

Күндердің бір күні солдат өз лашығында қаранғыда қамалып отырды. Балауыз шырақ алатын да көк тиын жоқ. Кенет баяғыда мыстан кемпірдің жұмсауымен жер асты жаһаннамға түсіп, содан әкелетін шақпақ тасы мен шала жанған білтесі есіне түсе қалды. Солдат шақпақ пен білтені тауып алып, сарт еткізіп ұрып қалып еді, есік шалқасынан ашылып кетіп, өзі баяғыда жаһаннамнан көрген екі көзі тостағандай ит босағаға келіп тұра қалды.

– Не бұйырасыз, тақсыр? – деп арс етті ит.

– Мәссаған, безгелдек! – деді солдат таң қалып. – Ойна сен шақпақ таспен: не тілесен соны берем дейді! Әй, маған бәрінен бұрын ақша керек! – дегенше болмай, әлгі ит көзден ғайып болды. Көзді ашып-жұмғанша бір дорба бақырды аузына тістеп қайтадан жетіп келді. Шақпақ тастың қасиетіне солдаттың көзі жаңа жетті. Бір шақсаң – бақырлы сандықтың үстінде жатқан ит жетіп келеді, екі рет шақсаң – күміс ақшаның, үш рет шақсаң – алтын ақшаның күзетші иті жетіп келеді.

Солдат қайтадан сән-салтанатты тамаша бөлмелер жалдап алып, киімді асылдан киетін болды. Баяғы дос-жаран мұны біліп, қайтадан өліп-өшті де қалды.

Күндердің күнінде ол тағы да ойға шомды: «Патшаның қызын бір көрмеген соң, бұл дүниеде жүріп керегі не! Ай десе аузы, күн десе көзі бар керемет сұлу деседі, адам баласына көрсетпеген соң, сұлулығынан не пайда? Мыс сарай, биік мұнара, өтпес қамалда тас қамауда отырып не қызық көреді ол байғұс! Ең болмаса соны бір рет көре алмай-ақ арманда кеткенім бе? Айтпақшы, менің әлгі шақпақ тасым бар екен ғой!» деп, шақпақты шақ еткізіп еді, екі көзі тостағандай баяғы ит арсалаңдап жетіп келді.

– Көз байланып түн болды, жігерім менің құм болды; білінбесін қашқан ізің, бір көрсетші патша қызын!

Әлгі ит жым-жылас жоқ болды да, айтып аузын жапқанша, көзді ашып-жұмғанша, патша қызын арқалап қайта оралды. Патша қызы иттің үстінде ұйқтап отыр. Өзі де бет біткеннің өңдісі екен, бір көргеннен-ақ патша қызы екені бесенеден белгілі боп тұр. Солдат шыдай алмады. Өзі солдат болған соң, кімді аясын. Патша қызын шөп еткізіп сүйіп алды.

Әлгі ит патша қызын сарайына қайтадан апарып тастады. Ертеңгі шай үстінде қыз патша әкесі мен шешесіне ғажайып бір түс көргенін, түсінде ғажап іс көргенін, өзінің итке мініп, бір солдатқа барғанын, солдаттың өзін сүйіп алғанын айтты.

– Мәссаған, керек болса! – деп патша әйелі жағасын ұстады. Патша қызының көргені түсі ме, өңі ме, соны білу үшін, түнге қарай оның бөлмесіне сарай қызметінде қартайған жасамыс бір әйелді жіберді.

Ал солдат болса таңғажайып патша қызын тағы бір көруге зар болды да тұрды. Түнде тағы да баяғы ит барып, патша қызын төсегінен ала қашты; бірақ кәрі күн аяғына су өтпейтін етігін сұға салып, соңынан қуа жөнелді. Иттің патша қызын арқалап, зәулім бір үйге кіріп кеткенін көріп: «Әп, бәлем, қолыма түскен шығарсың» – деді де, кәрі күн әлгі қақпаға бормен белгі салып, үйіне қайтты да ұйқыға шомды. Бірақ ала көз ит қайтарда онысын көріп қалып, қаладағы қақпа атаулының бәріне бормен дәл сондай белгі салып қойды. Ит қулығын асырды. Қақпаның бәрінде бір-бірінен аумайтын дәл сондай белгі тұрғандықтан, кәрі күн енді іздеген үйін таба алмайтын болды.

Таңертең ертемен патша жұбайымен, кәрі күн, бүкіл сардарлар қотарыла көтеріліп, патша қызының түнде қайда барып келгенін білуге шықты.

– Мінекей, мынау үй! – деді патша, қақпасына бормен белгі салынған үйді нұсқап.

– Жоқ, зайыбым, ол емес, мынау үй! – деді оның жұбайы басқа бір қақпаны көрсетіп.

– Белгі онда да, мұнда да бар! – деп шу ете түсті сарай адамдары. Жер соқтырып кеткенін олар сонда ғана аңғарды.

Бірақ патшаның жұбайы ақылды әйел еді, оның серуен құрудан басқа да өнері бар болатын. Ол алтын қайшысымен жібек торғыннан бірнеше қиықша қиып алды да, одан кішкене дорба тікті. Оны қара құмықтың майда жармасымен толтырды да, қызының арқасына таңып, жол-жөнекей бір-бір дәннен түсіп отыратындай етіп, түбін тесіп қойды.

Түнде ала көз ит тағы келіп, патша қызын арқасына мінгізіп алды да, солдатым қайдасың деп тайып отырды. Ал солдат байғұс: «Апыр-ай, мен неге ханзада болмадым екен, сонда ғой, патшаның қызын айттырып-ақ алар едім», – деп, ғашықтықтан зар илеп, көргенше тағат таппады.

Патша сарайынан солдат жатағына дейін тесік дорбадан дән төгіліп, із тастап келгенін ала көз ит байқамай қалды. Таң алаң-елең атысымен патша мен оның жұбайы қызының түнде қайда барып келгенін біліп алды. Сөйтіп солдатты абақтыға салды. Қараңғы қапас, тар зындан! «Ертең ертемен дарға асыласың!» – деді солдатқа қарауылшылар. Бұл сөзден оның төбе шашы тік тұрды. Шақпақ тасын да жатқан үйіне тастап кетіпті.

Таңертең солдат абақтының шілтерлі кішкентай терезесінен сыртқа көз салса, солдатты дарға асқанын көреміз деп, шаһар халқы қаланың шет жағына қарай ағылып бара жатыр екен. Дүрс-дүрс барабан соғылып, данғыр-дұңғыр дағара қағылып, солдаттар лек-легімен сап түзеп барады. Былғары алжапқышы бар, аяғына кебіс іле салған етікші бала да жүгіріп барады. Секіріп-қарғып бара жатқан баланың кебісі ұшып түсіп, шілтерлі терезесінен солдат қарап тұрған абақтының іргесіне сарт ете қалды.

– Әй, бала, қайда асығып барасың? – деді солдат етікші балаға. – Бәрібір менсіз іс бітпейді! Одан да бұрын тұрған үйімнен менің шақпақ тасымды әкеп берсең ғой, менен төрт ділда алар едің. Бірақ алды-артыңа қарамай тез жет!

Төрт ділда берем деген соң баланың жаны қала ма, оқтай ағып зымырай жөнелді. Шақпақ тасын солдатқа ө дегенше әкеп берді. Ал содан соң... содан соң не болғанын көре жатармыз!

Қаланың сыртына абажадай дар ағашы орнатылған. Айналасын қоршаған қалың әскер, жыпырлаған халық. Қазылар мен уәзірлердің қарсы алдындағы алтын тақта патша мен оның жұбайы отыр.

Солдатты баспалдаққа шығарып, мойнына енді арқан салайын деп тұрғанда: «Дат, дат, датым бар айтатын: о заманда, бұ заман, ажал аузындағының ақырғы тілегін орындамаушы ма еді! Менің өлер алдында шылым шеккім келеді, шылым! Бұ дүниеде армансыз боп өтейін!» – деп айғай салды.

Патшаның бұл тілекті орындамасқа шарасы болмай қалды. Солдат шақпақ тасын қалтасынан суырып алып, бірінен соң бірін үш рет шағып қалып еді, екі көзі тостағандай ит те, екі көзі диірменнің тасындай ит те, екі көзі мұнарадай ит те – үшеуі де жетіп келді.

– Көне, мені қыл арқаннан құтқарып жіберіндерші! – деп өмір етті солдат.

Иттер судья мен уәзірлерді тарпа бас салды. Біреуін аяғынан, біреуін мұрнынан тістеп алып, аспанға бойлата атты да жіберді. Бәрі де жерге келіп жалп еткенде, жұлындары үзіліп мүрдем кетті.

– Жаздым, жаңылдым, тоқтат! – деп патшаның жан даусы шықты. Бірақ онысына қарамай, ең дәу ит оны жұбайымен қоса аяғын көктен келтіріп, пәре-пәресін шығарды. Сол кезде солдаттардың да зәресі кетті, жиылған халайық та шу ете түсті.

– Батыр-еке, өзің патша бол да, патшаның ай десе аузы бар, күн десе көзі бар сұлу қызын өзің ал!

Сөйтіп солдатты жұрт патшаның алтын күймесіне көтеріп мінгізді. Күйме зымырап барады, үш ит үш жағынан би билеп, уралап келеді. Кішкене балалар езуіне қолдарын тығып жіберіп, жан-жақтан қым-қуыт ысқырыққа басып, әскерлер оған ізет білдіріп тұрды. Патша қызы мыс сарайынан шығып, жас патшаға жар болды. Оның да төбесі көкке жеткендей, қуанышы қойнына сыймайды. Бір жұма бойы той болды, ала көз иттер де той дастарқанының басына келіп, көздерін бажырайта қалыпты.

НАҒЫЗ ХАНША

Арте, ерте, ертеде бір ханзада болған екен, оның қайтсем де ханшаға үйленем деген асыл арманы бар көрінеді, тек нағыз ханшаға. Міне, ол сол себепті дүниенің төрт бұрышын түгел кезіп шығады, алайда өзі ойлағандай ешкім ұшыраспайды. Ханша дегендерің толып жатыр, бірақ нағыз ханша ма екен солар?! Осы арасын біле алмай, ол арып-ашып еліне оралады, – нағыз ханша қолға ұстатпас асылдай ынтықтыра түседі.

Бірде іңірде күн райы кілт өзгеріп, тау-тасты жаңғырықтырып күн күркіреп, найзағай ойнап, жаңбыр шелектеп құйды. Бұл неткен сұмдық!

Кенет қаланың қақпасы сарт-сарт қағылды, кәрі корольдің өзі шықты.

Қақпа алдында бейтаныс ханша тұр еді. Құдайым-ау, оның сиқы не болып кеткен! Жалбыраған шашынан, малмандай көйлегінен сорғалаған су кебісіне құйылып, асып төгіліп жатыр, сол түріне қарамай, нағыз ханшамын деп қоймайды өзі.

«Оны біз әлі біле жатармыз!» деп ойлады да көрі ханым ләм деместен жатар бөлмеге беттеді. Барған бойда бар төсеніштер мен көрпе-жастықты алып тастап, төсектің тақтайын жалаңаштап, оған бір түйір бұршақ дәнін қойып, осының үстіне қабаттап жиырма көрпе, жиырма құс төсек салды.

Осы салынған төсекке ханшаны жатқызды.

Ертесіне одан қалай ұйқтап тұрдың деп сұрады.

– Ах, айта көрмеңіз өте нашар! – деп ханша безек қақты. Тіпті көз ілмедім десе де болар! Бұл неғылған төсек екенін бір құдайдың өзі білсін! Әйтеуір, бір қатты заттың үстінде жатып шықтым, өне бойым көкпеңбек болып қалған шығар! Қырсық деп осыны айт!

Міне, осы арада оның нағыз ханша екеніне ешкімнің шүбәсы қалмады. Қырық қабат көрпе астындағы бұршақ дәнінің қаттылығын сезу – тек асыл туған текті бекзаттарға ғана тән болса керек.

Қалыңдық іздеп шарқ ұрған ханзадамыз оған үйленді. Енді ол өзінің нағыз ханшаға үйленгеніне

сенімді. Ал бір түйір бұршақты музейге жіберді, әлдекім ұрлап кетпесе ол әлі сонда жатқан болу керек.

Ханзаданың үйлену тарихы, міне, осындай!

КІШКЕНЕ ИДАНЫҢ ГҮЛДЕРІ

Менің бейшара гүлдерім мүлде солып қалыпты, – деді Ида. – Кеше кешкілік соншалық әдемі еді, енді, міне, қылжиып жатыр. Неге бұлай? – Ол диванда отырған студенттен осылай деп сұрады.

Қыз студентті өте жақсы көретін. Өйткені ол таңғажайып әңгімелерді майын тамызып айта беретін және ағаштан жонып, ішінде кіп-кішкентай бишінің бейнесі бар жүрекше, гүл, есік-терезесі ашылып-жабылатын керемет сарайлар секілді ойыншықтар жасайтын. Студент өте бір көңілді жан еді.

– Бұларға не болған? – деп қайталап сұрады да, қыз солып қалған бір шоқ гүлді көрсетті.

– Не болғанын білесің бе? – деді студент. – Гүлдер түнде би кешіне барған, шаршап қылжиып жатқаны да сондықтан.

– Гүлдер билемейді ғой! – деді кішкентай Ида.

– Билейді! – деді студент сенімді үнмен. – Түн жарымда қараңғы түсіп, бәріміз ұйқыға кеткенде, олардың бір-бірімен қалай билегенін көрсең, соншалық ғажап!

– Олардың биіне кішкене балалардың баруына бола ма?

– Неге болмасын, – деді студент, – кішкентай меруерт гүлдер мен дәстүргүлдер де билейді ғой.

– Ең әдемі гүлдер қай жерде билейді, а? – деп сұрады Ида.

– Сен қаланың сыртында, ғажайып гүлдер өсетін бағы бар, жаз кезінде патша келетін әлгі үлкен сарай тұрған жерде болмап па едің? Қолыңдағы нанды көріп, соған жүзіп келген аққуларды ұмытып қалдың ба? Міне, дәл сол жерде нағыз би кештері өтіп тұрады!

– Мен кеше мамаммен бірге сол жерге бардым, – деді кішкене Ида. – Бірақ ағаштарда бірде-бір жапырақ қал-

мапты, бақта да жалғыз тал гүл жоқ. Олар қайда кетті екен? Жазда соншалық көп еді!..

– Олардың барлығы да сарайда! – деді студент. – Патша мен оның қызметшілері қалаға көшіп келісімен барлық гүл атаулы бақтан сарайға қашып барады. Сол жерде олардың сауық-сайраны басталады. Барып көрсен ғой, шіркін! Ең әдемі екі раушан гүл таққа отырады, бұлар патша мен оның зайыбы. Қып-қызыл қораз айдарлы тәж гүлдер олардың екі жағына тұрып алып, иіліп, төжім етеді. Бұлар нөкерлер. Сонан соң толып жатқан әдемі гүлдер келеді де, би кеші басталады. Теңізшілер бейнесіндегі кіп-кішкентай сүмбіл иек, жылан қиық бикештер есепті көгілдір түсті шегір гүлдермен билейді, ал қызғалдақтар мен үп-үлкен сары лалалар – кәрі кемпірлер секілді биді сырттай қызықтап, тәртіпті бақылап тұрады.

– Патша сарайында билегені үшін гүлдерге ешкім ұрыспай ма? – деп сұрады, кішкентай Ида.

– Бұл туралы ешкім де білмейді ғой! – деді студент.

Рас, кей кезде түннің бір уағында қолында бір топ кілт бар күзетші шал келіп кетеді. Кілттің сылдырын естіген сәтте гүл атаулы терезеге тұтылған ұзын перденің тасасына жасырынып қалады да, кішкентай саңылаудан ұрлана қарап тұрады. «Мына жерден гүлдің иісі аңқып тұр ғой», – деп мінгірлейді шал. Бірақ ештеңе көрмейді.

– Міне, қызық! – деді кішкентай Ида қол шапалақтап. – Оларды мен де көре алмаймын ба сонда?

– Көре аласың, – деді студент. – Ендігі барғаныңда терезеге қарасаң жетіп жатыр. Мен бүгін ол жерден үп-үлкен сары лалагүлді көрдім. Ол өзін сарайда тұратын бикештей сезініп, диванның үстінде кербез керіліп жатты.

– Ботаникалық бақтағы гүлдер ол жерге бара ала ма? Екі ара тым алыс қой!

– Қорықпай-ақ қой, – деді студент. – Керек болса олар ұша да алады. Сен өте әдемі қызыл, сары гүлдерге ұқсайтын ақ көбелекті көріп пе едің? Олар да бір кезде гүл болған. Өз сабақтарынан үзіліп, биікке ыршып, қанат секілді қауыздарын қағып-қағып қалып, ұша

жөнелген. Олар өте әдепті болғандықтан осындай бақытқа ие болған. Әрине, олар түнде ғана ұшпайды. Ал басқалары күндіз де сабақтарына жабысып, қимылсыз отырады. Олар болса ұшып жүреді. Ұша-ұша қауыздары да ақыры нағыз қанатқа айналады. Сенің өзің оларға талай рет қызыға қараған да шығарсың. Айтпақшы, Ботаникалық бақтағы гүлдердің патша сарайында болмауы да мүмкін. Бәлкім, олар әр күн сайын әлгі сарайда сауықсайран өтетінін білмейтін де шығар. Мен саған кейіннен профессордың өзі таң қалатын әңгіме айтайын. Сен оны білесің, бізбен көрші тұрады ғой. Сонымен оның бағына барғанда кез келген гүлдің біреуіне патша сарайындағы би кеші туралы айт. Ол басқа гүлдерге жеткізеді де, барлығы қашып кетеді. Баққа келген профессор онда бірдебір гүлдің қалмағанын көріп, не болғанын түсіне алмай аң-таң қалады.

– Ол басқаларына қалай айтады? Гүлдің тілі жоқ қой.

– Әрине, жоқ, – деп келісті студент. – Дегенмен олар бір-бірімен ымдасып ишара арқылы түсініседі. Сәл ғана самал соқса олардың теңселіп, жап-жасыл жапырақтарының қалай желпілдейтінін талай рет көрмеп пе едің. Осының өзі қандай тамаша! Бір-бірімен сөйлесіп жатқан секілді.

– Ал профессор олардың ымдасуын түсіне ме? – деп сұрады кішкентай Ида.

– Әрине! Таңертең баққа келген ол үлкен қалақайдың теңселе қозғалып, көздің жауын алардай қып-қызыл қалампырға ишарат жасап тұрғанын көреді. Қалақайдың: «Сен соншалық сүйкімдісің, мен сені сүйемін», – деп тұрғанын түсінген профессор оны салып қалады. Қалақайдың қылқандарының қалай екенін білесің ғой, ол профессордың қолын шағып алады. Осыдан кейін ол әлгіге тиісуді қойған.

– Міне, қызық! – деп Ида күліп жіберді.

– Қайдағыны айтып, баланың басын қатыруға бола ма? – деді осы үйге қонаққа келіп, диванда манаурап отырған кенесші.

Ол студентті жақтырмайтын, үнемі күңкілдеп, сөгіп

отыратын. Әсіресе оның ағаштан жонып жасаған қолына жүрек ұстап, дарға асулы тұрған адам (жүрек ұрлағаны үшін дарға асылған) немесе мұрнына күйеуін мінгізіп, таяқта отырған мыстан кемпірдің мүсіні секілді көз тартарлық ойыншықтарын көргенде кеңесші қарап отырып бүлінетін.

– Қайдағыны айтып, баланың басын қатыруға бола ма? Бұның бәрі бос далбаса! – дейтін ол әрқашан.

Бірақ студенттің әңгімесі Иданың көкейіне мықтап орнықты, ол күні бойы гүлдер туралы ғана ойлаумен болды.

«Гүлдер биден шаршаған соң қалжырап қалған екен ғой».

Ида ойыншықтары жатқан кішкене столға келді. Столдың тартпасында әр түрлі ойыншықтар өте мол еді. Софи есімді қуыршақ өз төсегінде ұйқтап жатқан, Ида оған:

– Төсектен тұрып, бүгінше жәшікке түнеп шығуыңа тура келер, Софи. Бейшара гүлдер сырқаттанып қалыпты, оларды сенің төсегіңе жатқызсақ, бәлкім, жазылып кетер, – деді.

Сөйтіп қуыршағын төсектен жұлып алды. Софи өз төсегін өзіне билетпегені үшін Идаға жақтырмай бір қарады да үндемеді.

Ида гүлдерді төсекке жатқызып, үстін көрпемен дұрыстап жапты да: «Қозғалмай жатсандар шай беремін, таңертең сендер мүлде жазылып кетесіндер», – деп уәде етті. Сонан соң күн түспесін деп шымылдықты жапты.

Студенттің әңгімесі есінен шықпай қойды, төсегіне жатқан соң да терезені түгел алып жатқан перденің тасасына жасырынған қызғалдақ, сүмбіл секілді мамасының сүйкімді гүлдеріне қарамауға шыдамы жетпеді. Сүйкімді гүлдерге қарап жатып: «Мен бәрін білемін, түнде сендерде би кеші болады», – деп күбірледі.

Гүлдер ештеңе білмейтіндей қимыл-қыбырсыз тұра берді, тіпті бірде-біреуі сыбдыр еткен жоқ. Бірақ кішкентай Ида олардың би кешіне баратындығына еш күмәнданған жоқ.

Төсекке жатқанмен Ида ұйқтай алмай ұзақ уақыт

гүлдердің қалай билейтінін көз алдына елестетумен болды. «Менің гүлдерім шынымен-ақ патша сарайындағы би кешіне барды ма екен?» деп ойлады. Осы бір тәтті ойға беріліп жатып ұйқтап кетті.

Түн ортасында кішкентай Ида кенеттен оянып кетті. Түсінде ол әр түрлі гүлдерді және мұның басын түкке тұрғысыз бірдемелермен қатырған студентті сөгіп жатқан кеңесшіні көрді. Ида жатқан бөлмедегі столда шырағдан жанып тұрған, әкесі мен шешесі ұйқтап жатыр екен.

– Менің гүлдерім қалай ұйқтап жатыр екен, білейінші, – деп ойлаған Ида жастықтан басын көтеріп жартылай ашық тұрған есікке қарады. Осы сәт ойыншықтары мен гүлдері қалған бөлмеде әлдекім жайлап қана фортепьяно ойнап жатқан секілденді, мұндай әуенді ол ешқашан естімеп еді.

Расында да, гүлдер билеп жатыр! – деп күбірледі Ида. – Шіркін-ай, өз көзіммен көрер ме едім!

Бірақ әкесі мен шешесін оятып алармын деп қауіптеніп, орнынан тұруға батылы жетпеді.

– Гүлдер осы бөлмеге кірсе-ші, – деп тіледі ол.

Бірақ гүлдер оның бөлмесіне кірмеді. Жаңағы әсем әуен баяу ғана қалықтап тұр. Соншалық сүйкімді, ғажап әуен! Ида шыдай алмай жайлап төсектен түсті де, аяғының ұшымен басып барып, жартылай ашық есіктен екінші бөлмеге көз салды. Ғажайыпты көріп, аңтарылып тұрып қалды.

Ол бөлмеде шырағдан жанып тұрмағанмен күндізгідей жап-жарық еді. Енді терезеден ай сәулесі түскен жерге қызғалдақ пен сүмбіл гүл екі қатарға сап түзеп тұра қалыпты. Терезенің алдында топырақ толтырылған түбектен басқа ештеңе қалмаған, гүл атаулының бәрі жерге түсіп кетіпті. Әр түрлі гүлдер аса бір жарастықпен билеп жүр, олар бірде дөңгеленіп, енді бірде бейне бір қол ұстасқандай жасыл жапырақтары бір-біріне жабысып, шыр айналады. Фортепьянода үп-үлкен сары лалагүл ойнап отыр. Мұны Ида жаздыгүні көрген де шығар, бәлкім. Студенттің бір ретте «Ах, ол Лина би-кешке қандай ұқсайды» дегені әлі есінде. Сонда барлығы